Ұйымдастырушы:
080740007819 Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық аурухана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Мекен-жайы: Астана, Т.Рысқұлов к 6

15454326-1 Техникалық ерекшелікке сәйкес тігу жұмыстары бойынша сатып алу конкурсы бойынша

«Idea Trade» ЖШС осы конкурстың қорытынды хаттамасын қайта қарастыру үшін төмендегі позицияны мәлімдейді:

ИП Miracle бойынша

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76-пунктіне сәйкес, «конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы **материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен»** жүзеге асады.

Қағидада Конкурстық құжаттамаға Қосымшалардың үлгісі бекітілген.

№11 Қосымшаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші материалдық ресурс атауын, қолда бар бірлік санын, жағдайын, меншікті болуы не жалға алынғанын, растайтын құжат атауын, күнін және нөмірін толтыруы қажет.

Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы ҚР Қаржы министрінің №562 бұйрығына сәйкес, **қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат** немесе **тауарды қабылдап алу-беру актісі** жылжымалы материалдық ресурстардың меншік құқығын **растайтын құжат** ретінде айқындалған. Бұған қоса, Салық кодексінің 413 бабына сәйкес, есеп шот фактурасының берілу уақыты ретінде 15 күндік мерзім белгіленген.

Әлеуетті өнім беруші қатысу құжаттарында жоғарыдағы бұйрыққа сәйкес, **қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат** немесе **тауарды қабылдап алу-беру актісін ұсынбаған.**

Жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, ИП Miracle «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағы 1 тармақшасының «конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуымен» **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді**.

Осыған байланысты, ағымдағы **қорытынды хаттама нәтижесінің күшін жоюды** және **конкурс қорытындысын қайта қарастыруды** талап етеміз.

S K Sity ЖШС бойынша

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76-пунктіне сәйкес, «конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы **материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен»** жүзеге асады.

Қағидада Конкурстық құжаттамаға Қосымшалардың үлгісі бекітілген.

№11 Қосымшаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші материалдық ресурс атауын, қолда бар бірлік санын, жағдайын, меншікті болуы не жалға алынғанын, растайтын құжат атауын, күнін және нөмірін толтыруы қажет.

Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы ҚР Қаржы министрінің №562 бұйрығына сәйкес, **қорларды шетке беруге арналған жүккұжат** немесе **тауарды қабылдап алу-беру актісі** жылжымалы материалдық ресурстардың меншік құқығын **растайтын құжат** ретінде айқындалған. Бұған қоса, Салық кодексінің 413 бабына сәйкес, есеп шот фактурасының берілу уақыты ретінде 15 күндік мерзім белгіленген.

Әлеуетті өнім беруші 05.06.2025 күнгі №32 **қорларды шетке беруге арналған жүккұжат** көрсеткен, алайда, қатысу құжаттарында заң талапарына сай, мерзімдегі электронды шот фактура құжатының көшірмесін **ұсынбаған.**

Жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, ИП Miracle «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 212-тармағы 1 тармақшасының «конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуымен» **біліктілік талаптарына сәйкес келмейді**.

Осыған байланысты, ағымдағы **қорытынды хаттама нәтижесінің күшін жоюды** және **конкурс қорытындысын қайта қарастыруды** талап етеміз.

Idea Trade ЖШС директоры **Қ.Ұзақ**

(электронды қолтаңбамен расталған)